

ӨНІМНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

SikaTop® WP 665

Полимермен нығайтылған цемент негізіндегі беттерге арналған су өткізбейтін материал

СИПАТТАМАСЫ

SikaTop WP 665 – бұл полимермен күшейтілген, цемент негізіндегі қоспа, ішкі және сыртқы жұмыстарға арналған. Ол бетон және сылақ жағылған беттерге қолданылып, ағынды, жер үсті сулары мен ылғалдан қорғайды.

ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Гидрооқшаулау үшін қолданылады:

- Су қоймалары, бассейндер, жертөлелер, іргетастар, ашық террасалар және ылғалды бөлмелер.
- Сыртқы және ішкі жұмыстар үшін.
- Көлденең және тік беттер бойынша.
- Шөткемен немесе қалақшамен жағылады.
- Қолданғаннан кейін жарылып кетпейді, тез қатайды.
- Төсеме бояуды қолданбай жоғары жабысқақтыққа ие.
- Су өткізбейді және аязға төзімді.

ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

МЕН

АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

- Ішкі және сыртқы қолдану үшін.
- Оңай дайындалады және пайдаланылады.
- Ұзақ қызмет ету мерзімі.
- Тік және көлденең беттерде де қолданылады.
- Бүрісіп қалмайды және жарылмайды.
- Аязға төзімді.
- Қылқаламмен, қалақшамен жағылады.

БЕТТІ ДАЙЫНДАУ

Бет таза және берік болуы керек. Алдыңғы жабындардың қалдықтарын, цемент сүтін, органикалық ластаушы заттарды және материалдың негізге жабысуына жол бермейтін басқа заттарды алып тастау керек. Беткі дайындықтың ең жақсы дәрежесіне жұмыс қысымы кемінде 350 атм су ағыны қондырғыларын пайдалану кезінде қол жеткізіледі. Бұл жағдайда, беткі қабатты тазалаумен қатар, негіз де сумен қанығады. Әлсіреген ақаулы бетон мен кірпіштің учаскелері Emaco® сериялы жөндеу ерітіндісімен немесе арнайы SikaPaver-125 қоспасы қосылған цемент-құмды ерітіндімен жөнделуі тиіс.

ДАЙЫНДАУ

SikaTop WP 665 материалын жағу үшін қажет судың мөлшерін келесі қатынаста өлшеңіз: қалақшамен жағу үшін – 1 кг өнімге 180–190 мл су, ал шөткемен жағу үшін – 1 кг өнімге 220–240 мл су. Араластыруды кесек қалдықтары толық жойылғанға дейін 3 минут бойы жүргізу қажет. Қоспаны 5 минутқа қалдырып және 1 минут бойы қайта араластыру керек. SikaTop WP 665 алдын ала суланған негізге қолданылады. SikaTop WP 665-те серпімді жабын алу үшін әмбебап SikaTop WP 666 қосымшасын қосу керек.

ҚОЛДАНУ ӘДІСІ

SikaTop WP 665 шөткемен, қылқаламмен немесе сылақ бүріккішпен ылғалдандырылған негізге жағылады. Материал екі немесе үш қабатта қолданылады. Әр қабатты қолдану бір-біріне перпендикуляр жүргізіледі.

Қабаттарды қолдану арасындағы уақыт аралығы қоршаған орта жағдайларына байланысты.

ЕСКЕРТПЕ

Материалды мұздатылған негізге және қоршаған орта температурасы +5° С төмен болған жағдайда қолдануға болмайды. Сыртқы беттерге қолданған кезде алғашқы 24 сағат ішінде бетті аяздан, жаңбырдан, күн мен желден қорғау үшін шаралар қабылдау қажет. Келесі жабындарды (плитка, жұқа сылақ) материал механикалық беріктікке ие болғаннан кейін, яғни 3 күннен кейін жағуға болады.

ҚОСЫМША АҚПАРАТ. САҚТАУ. КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Ұсынылатын беткі температура +5-тен +300С-қа дейін. Қалған ерітіндіні дренаж жүйесіне және кәрізге ағызуға тыйым салынады. Жергілікті кәдеге жарату қағидаларын басшылыққа алыңыз. Қоспасы бар қаптар +50С-тан төмен емес температурада, қаптаманың бүлінбеуін және ылғалдан қорғалуын қамтамасыз ететін жағдайларда, жерден биіктетілген паллеттерде сақталуы тиіс. Ұсынылған сақтау шарттарының бұзылуы материалға немесе қаптамаға зақым келтіруі мүмкін.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Материалды қолданған кезде арнайы киім, қауіпсіздік көзілдірігі мен қолғапты қолдану керек. Материалдың теріге түсуіне жол бермеу қажет, егер түскен жағдайда, көп мөлшерде сумен және гигиеналық құралдарды қолдана отырып жуып тастау керек. Толық ақпаратты осы материал бойынша Қауіпсіздік Қағидаларынан (MSDS) табуға болады. Ұсынылатын беткі температура +5-тен +30° С-қа дейін. Қалған ерітіндіні дренаж жүйесіне және кәрізге ағызуды тыйым салынады. Жергілікті кәдеге жарату қағидаларын басшылыққа алыңыз. Қоспасы бар қаптар +5°С-тан төмен емес температурада, қаптаманың бүлінбеуін және ылғалдан қорғалуын қамтамасыз ететін жағдайларда, жерден биіктетілген паллеттерде сақталуы тиіс. Ұсынылған сақтау шарттарының бұзылуы материалға

немесе қаптамаға зақым келтіруі мүмкін. Материалды қолданған кезде арнайы киім, қауіпсіздік көзілдірігі мен қолғапты қолдану керек. Материалдың теріге түсуіне жол бермеу қажет, егер түскен жағдайда, көп мөлшерде сумен және гигиеналық құралдарды қолдана отырып жуып тастау керек. Толық ақпаратты осы материал бойынша Қауіпсіздік Қағидаларынан (MSDS) табуға болады.

ШЫҒЫНЫ

SikaTop WP 665 материалын қолдану кем дегенде екі қабатта жүзеге асырылады; материалды тұтыну бірінші қабатта 1,5 кг/м², екінші қабатта 1,3кг/м², үшінші қабатта 1,2 кг/м² құрайды.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ*

Материалдың құрылымы	Минералды толтырғыштардан, полимерлі қоспалардан және цементтен тұрады
Түсі	Сұр
Бөліну күші	м
Су қысымына төзімділігі	0,5 барға дейін (оң қысым) (5 метрлік су бағанының қысымы).
Өңделетін беттің температурасы	+5° С-тан +30° С-қа дейін
Жұмыс ауқымы	-30° С-тан +80° С-қа дейін
Жаңа дайындалған ерітіндіні тұндыру уақыты	5 минут
Жаңа дайындалған ерітіндімен жұмыс уақыты	1 сағат (+20° С)
Дайын болғанға дейін ұстау уақыты Механикалық кедері	2 күн 7 күн
Суды оқшаулау	

*Жоғарыда келтірілген сандар тек нұсқаулық ретінде берілген және техникалық сипаттамалардың негізі ретінде қолдануға арналмаған.
* Аталған көрсеткіштер 23°С температурада 50% салыстырмалы ылғалдылық үшін берілген.

Ескертпе:
Техникалық сипаттамада берілген барлық ақпарат шынайы, нақты және дәлелденген әрі мәліметтер мен барлық жинақталған тәжірибені біріктірсе де, компания материалды мақсатсыз қолдануға, ұсынылған техникалық ұсыныстарға және өкілдеріміздің немесе дистрибьюторларымыздың әрекеттеріне жауап бермейді.
Техникалық сипаттамада көрсетілген барлық дерек кезеңімен жаңартылып отырады, соңғы жаңартылған нұсқаны алу тұтынушының міндеті.

Сика Централ Эйша ЖШС

050016, Almaty , Kazakhstan 100/5, Mamyr-4 dstr., 4th floor Phone +7 (727) 39 000 39 E-mail: info@kz.sika.com www.sika.kz	Raymbek ave., 211A Phone +7 (727) 222 12 83	060021, Atyrau , Kazakhstan Azattyk ave., 116A Phone +7 (7122) 30 88 22	010000, Astana , Kazakhstan Beisekbayeva street, 24/1 Phone +7 (7172) 69 51 84
--	--	--	---